

БӨЛІМ: ЭССЕ

Қашықтықтан оқыту-артықшылықтары мен кемшіліктері

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.09.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/163079/

Қашықтықтан оқыту білім алушылар мен ұстаздар арасындағы оқу процесін бір аймақта болмай цифрлық технологияның көмегімен жүзеге асыруын айтамыз. Өткен жылдар елімізде төтенше жағдайға байланысты білім беру жүйесі толықтай онлайн форматқа ауысып өз жұмысын тоқтатқан емес. Басында бәрімізге ұстаздарға да, оқушыларға да ата-аналарға оңай болмады, бірақ бәрін артта қалдырып ол жолданда өттік, бір қиынның артында жемісі болады дегендей, қашықтықтан оқыту әр бірімізге бір нәрсені үйреткені анық.

Көп жылдық тәжірибем болмаса да шәкір тәрбиелеп жүрген ұстаз ретінде өзім сезініп, түйсінген, көңіліме тоқыған қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктерін айта кеткім келеді.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

Уақыт орын жағынан тиімділігі. Ұстаз мейлі шәкірт болсын, кез келген уақытта, кез келген орында интернет желісі болса сабағын оқи алады.

Қолжетімділігі. Сабақты Қайта пысықтауға мүмкіндігі, Оқушылар түсінбегенін қайта-қайта көріп, оқи алады.

Қаражат үнемделеді. Бұрынғыдай сабақ оқу үшін мектепке бармаймыз, қарнымыз ашып шөлдесек ақша жұмсап әуре болмаймыз, күнделікті үйде не киеміз сол кимімізбен сабақ оқи береміз, ол үшін арнаулы киім кюдің керегі жоқ.

Дербестік. Оқушыларды өз бетімен білім алуға, жауапкершілікті болуға міндеттейді,

Зманауи сауаттылық. Цифрлық технологияның көмегімен сабақ мақсатына сай еркін форматта ойын түрінде түрлі бағдарламалар оқушыларды қызықтырып оқытуға мүмкіндік алды, ұстаздардың анағұрлым технологиялық бағдарламаларды көбірек меңгеруге, дамуына түрткі болады.

Мобильділік. Оқушы кез-келген уақытта мұғаліммен байланысу мүмкіндігі,

орындаған тапсырмаларына кері байланыс ала алады, түсінбегенін сұрай алады, ұстаздың өзіне тікелей сұрай алмаған сұрақтарын телефонмен жеткізу жеңіл болады.

Кемшіліктеріне келер болсақ.

Білім деңгейін нақты анықтай алмайды. Оқушылардың сабақты қаншалықты дәрежеде меңгергендігін мұғалім әділ бағалай алмайды.

Практиканың болмауы. Кейбір сабақтарда, информатика, химия. Физика сынды сабақтарда практикалық сабақтар көрсетуге мүмкіндік болмады.

Экономикалық жағдайымыздың көтермеуі. Кейбір қиыншылығы бар отбасыларда бір телефонмен бірнеше оқушының кезектесіп оқыған жағдайларыда кездесті. Біртіндеп ол жетіспеушіліктерде шешілді.

Қалай айтсақта әр нәрсенің екі жағы бар демекші, қашықтықтан оқытудың бізге берері көп болды, соның арқасында қаншама онлайн курстар оқыдық, олимпиадаға қатыстық, жиындарда болдық, еш қайсысынан құр қалмадық.

Білікті ұстаз жаңа технологияларды меңгеріп оқушыларға түсінікті, қызықты, сабақ форматын ұйымдастыра алуында. Ұстаз болу — үлкен ерлік, қолыңа найза алып, ел үмітін арқалаған қан майдандағы қас батыр. Ернбей, талмай еңбек еткен, жүрегінен мейрім лебі ескен, аңқылдақ адал ұстаздарымыздың еңбегі жана берсін!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.